

ӨЛШЕМДЕР

еліне САЯХАТ

ПУТЕШЕСТВИЕ
В СТРАНУ измерений



Ертеде ғажайыптар елінде бәрін білгісі келетін ізденімпаз бір қонжық болыпты. Оның ұрты томпақ, құлағы дөңгелек, мұрны пұшық екен. Ата-анасы оны еркелетіп Тоқаш деп атапты.

Тоқаш күн сайын кешкісін жайлы төсегінде қалғып жатып, ертеңгі күнді асыға күтетін. Өйткені ол көп жаңалықтарды білуге асығатын еді.

Бір күні қонжық анасымен шынайы саяхатқа шықты. Ол үйінен бұрын-соңды бұлай ұзап шықпаған болатын.

Таң атысымен күн райы бұзылып, аспанды бұлт қаптады. Аспанда қалқыған сұр бұлттардан күн көзі көрінбеді. Сонда да далада термометр +20 °C жылы ауа-райын көрсетіп тұрды.


«Сапарға аттансақ болады екен!» - деді анасы қонжыққа қарап, сол сәтте бір сиқыр болғандай аспандағы бұлттар тарап, жып-жылы күн сәулесі жерге төгілді.



В одной сказочной стране жил любознательный медвежонок. У него были круглые ушки, щечки и носик. Мама и папа называли его ласково — Токаш. Каждый вечер, засыпая в мягкой кроватке, Токаш с нетерпением ждал следующего дня. Ведь ему предстояло узнать много нового! Однажды медвежонок отправился в настоящее путешествие с мамой-медведицей. Никогда он не уезжал так далеко от дома!

С самого раннего утра было пасмурно. Серые тучки плыли по небу, закрывая солнышко. Но уличный термометр показывал теплую погоду +20 °С.

«Можно отправляться в дорогу!» — сказала мама медвежонку, и словно по волшебству тучки на небе рассеялись, и показалось теплое лучистое солнце.



Көліктің терезесінен биік таулар мен ағаштарға қарап келе жатқан Тоқаш «Айнала қандай қызықты!» - деп таңғалды. Оған таулардың ұшар басы аспанмен таласып тұрғандай көрінді.

Қонжық ағаштар арасындағы күн нұрына бөленген жасыл алаңқайды көріп қалды да, сол жерде ойнағысы келіп кетті.

«Анашым, мен сен сияқты үлке-е-ен болып өсемін!» - деп қонжық шаттана сөйлеп, жұмсақ шөп үстінде секіре жөнелді.

«Анашым, сенің бойыңды өлшеп көрейікші!» - деп, кішкентай Тоқаш өз ойына өзі мәз болды.

Қонжыққа анасының бойы өзінен қаншалықты ұзын екенін білу қызықты көрінді.

Тоқаш «сиқырлы» дорбасына көптеген керек заттарды салып алатын. Олардың арасында сызғыш пен өлшеуіш сияқты қажетті құралдар да бар болатын. Осылар арқылы заттың ұзындығын немесе биіктігін өлшеуге болады. Анасы алдымен қонжықтың бойын, содан кейін өз бойын өлшеді. Қонжықтың бойы 90 см, ал анасының бойы 170 см болып шықты.



«Как же интересно вокруг!» — удивлялся Токаш, глядя из окошка машины на высокие горы и деревья. Казалось, что вот-вот и они заденут своими верхушками небо! Медвежонок увидел среди деревьев зеленую солнечную поляну и очень захотел поиграть на ней.

«Я вырасту во-ооот таким высоким, как ты, мама!» — радовался медвежонок, подпрыгивая вверх на мягкой траве. «Мама, а давай измерим твой рост!» — вдруг пришла замечательная идея маленькому Токашу. Медвежонку стало очень любопытно узнать насколько мама выше его.



В «волшебном» рюкзачке у Токаша хранилось много важных вещей. Среди них и такие нужные инструменты как линейка и рулетка. С их помощью можно измерить длину или высоту предмета. Мама-медведица сначала измерила рост медвежонка, а затем свой рост. Оказалось, что рост медвежонка — 90 см. Рост мамы — 170 см.



«Сен жақсы тамақтанып, жаттығу жасап, далада ойнау керексің! Сонда сенің де бойың өседі, сен менен де ұзын боласың, әрі денсаулығың да мықты болады», - деді анасы қонжығына.

Орманда хош иісті жидектердің иісі аңқып тұрды. «Далада тамақтанып алатын кез келді», - деп шешті қонжықтың анасы. Сағат тілі 13 деген цифрды көрсетіп тұрды, демек бұл – түскі ас ішетін уақыт. Жеміс-жидектерден дайындалған бәлішке әбден тойып алған көңілді қонжық анасымен бірге шытырман оқиғалы сапарларын жалғастыру үшін жолға шықты.

Көп ұзамай саяхатшылар бір кішігірім ауылды көрді, бұл ауылда орман жануарлары мекендейді екен. Мұндағы үйлер ойыншықтар тәрізді кіп-кішкентай, ал көшелері тап-таза, әп-әдемі, алуан түрлі гүлдер өсірілген.

Ауыл тұрғындарының барлығы осы күні мерекелік жәрмеңкеге жиналыпты. Қонжықтың анасы сатушы Түлкіден үш үлкен алманы таразымен өлшеп беруін сұрады. Бұл үш алманың біреуі – қонжықтың әкесіне, екіншісі – анасына, ал үшіншісі – қонжықтың өзіне арналған еді.

«Ты должен хорошо кушать, делать зарядку и играть на улице! Тогда ты не только вырастешь и станешь выше меня, но и будешь здоровым», — сказала медведица своему сыну.

В лесу вкусно пахло ароматными ягодами. «Самое время устроить пикник», — решила медведица. Часы показывали цифру 13, а значит пришло время обеда. Полакомившись пирогом из ягод, счастливый медвежонок и его мама отправились в дальнейшее приключение.

Вскоре путешественники увидели маленькую деревню, где жили лесные зверюшки. Домики здесь были словно игрушечные, а на уютных и чистых улицах росли цветы. Все жители деревни собрались в этот день на праздничной ярмарке.



Үш алманың салмағын білу үшін Түлкі оларды таразыға қойды. Салмағы 1 киллограмм болып шықты!

Келесі орында көңілді әрі мейірімді Тышқан хош иісті гүлден алынған бал сатып тұр екен. «Балды қалай өлшеуге болады?» - деп ойлады Тоқаш. Тышқан бөшкеден бал алып, оны үлкен стақанға құйды. Бұл стақанды өлшеуіш стақан деп атайды екен. Стақанның сыртында сызықтар мен сандар жазылған, ол арқылы бал мөлшерінің қанша екенін білуге болады екен. Бал бір литр болып шықты!



Мама-медведица попросила продавца-лисичку взвесить на весах три больших яблока. Яблоко — медвежонку, яблоко — папе-медведю, и еще яблоко — маме-медведице. Лисичка положила три яблока на весы, чтобы узнать их вес. Получился целый килограмм!



За другим прилавком веселая и добрая мышка торговала душистым цветочным медом. «Как же его измерить?» — подумал Токаш. Мышка взяла порцию меда из бочки и налила его в большой стакан. Его называют мерным стаканом. На стакане были изображены черточки и цифры. С их помощью мышка смогла узнать количество меда. Получился целый литр!



Осы күні кішкентай, бірақ өте әуесқой қонжық көп пайдалы жаңа сөздерді үйренді! Сызғыш және өлшеуіш — бұл ұзындықты өлшеуге арналған құралдар, термометр температураны өлшейді, сағат уақытты, таразы салмақты, ал өлшеуіш стақан зат мөлшерін көрсетеді. Өлшемдердің дәл болуы өте маңызды. Өлшеу дәлдігі мен әдістерін **метрология** ғылымы қадағалайды.




– Қызық, біз сатып алған бір киллограмм алманы басқа елде, басқа таразымен өлшесек те бір киллограмм болады ма? – деп таңырқады қонжық анасына қарап.

– Әрине, бір килограмм алманың салмағы барлық елде бірдей болады. Тіпті сенің бойың да әртүрлі елдерде бірдей болады! Бұл метрология деп аталады, мұнда барлығы бір норманы ұстанады, – деп жауап берді анасы білімқұмар қонжығына.





Сколько полезных новых слов узнал
в этот день маленький, но очень
любопытный мишка! Линейка и рулетка —
это инструменты для измерения длины, термометр —
измеряет температуру, часы показывают время, весы —
вес, а мерный стакан — объем вещества.
Очень важно, чтобы измерения были точными.
За точностью и способами измерений
следит наука — **метрология**.



«Интересно, — спросил медвежонок Токаш
у мамы, — килограмм яблок, которые мы
купили, также будет равен килограмму, если их
взвесить в другой стране и на других весах?».

«Конечно, во всех странах килограмм яблок
весит одинаково. И даже твой рост в разных
странах будет одинаковым!
Это называется метрология,
когда все придерживаются
единых норм», — ответила мама
любопытному сыночку.

Қонжық таңырқап, таң-тамаша болды.
Ол айналадағы заттың барлығын
өлшеуге болады деп ойламапты.


Көп жаңа білім алған қонжықтың тәбеті
ашылып, қытырлақ вафли стақанға
құйылған сондай дәмді балмұздақ секілді
тәтті тағам жегісі келіп кетті. Сол сәтте
сиқырлы таяқшамен сермегендей,
қонжықтың алдына бір ыдыс пайда бола
кетті, ішінде суық тәтті тағам бар екен.

«Мен сатып тұрған балмұздақ
табиғи сүт пен кілегейден жасалған.
Оның құрамында артық және зиянды
ештеңе жоқ», - деп мақтанды Сиыр.

Расында да ыдысқа сәйкестік
сертификаты жапсырылған екен.
Қағаз құжатта балмұздақтың барлық
белгіленген нормалар мен ережелерге
сәйкес жасалғаны туралы жазылған.

Тәп-тәтті балмұздақты жегеннен кейін
Тоқаш өзін одан да бақытты сезінді!





Медвежонок пришел в удивление и восторг. Он никогда не думал, что все, что нас окружает, можно измерить. От такого количества новых знаний медвежонку очень захотелось чего-то сладкого, например, вкусного мороженого! Настоящего молочного в хрустящем вафельном стаканчике! И как по взмаху волшебной палочки перед ним очутился лоток с холодным угощением.

«Мороженое, которое я продаю, сделано из натурального молока и сливок. В нем нет ничего лишнего и вредного», — похвасталась корова.

И правда, сбоку лотка был прикреплен сертификат соответствия. Бумажный документ говорил о том, что мороженое изготовлено в соответствии со всеми установленными нормами и правилами.

Отведав замечательного мороженого, Токаш почувствовал себя еще счастливее!

КАТ СООТВЕТСТВИЯ

«Шырын мен шәрбат алыңыздар! Көкөністер мен жемістерден жасалған ең дәмді шырын мен шәрбат!» - деп Ақ ешкі сатып алушыларды шақырып жатты. Ешкі сәбізден, алмадан және алмұрттан дайындалған шырын мен шәрбат сатып тұр екен. Олардың құрамына қант қосылмаған, тек табиғи көкөністерден, жемістерден және таза судан ғана жасалған. Шырын мен шәрбат күн сәулесін өткізбейтін қағаз қорапшаларға құйылған.

«Шырын мен шәрбат дұрыс дайындалуы, дұрыс сақталуы керек, сонда ғана олар өз дәмін сақтап, ересектер мен балаларға пайдалы болады» - деп Ақ ешкі қонжыққа пайдалы сусынның басты құпиясы туралы айтып берді.

Тоқаш пен анасы алмұрт шырынынан дәм татып, мерекелік жәрмеңкені тамашалауды жалғастырды.



«Покупайте соки и нектары! Самые вкусные соки и нектары из овощей и фруктов!» — приглашала покупателей к прилавку белая козочка. Козочка продавала соки и нектары из моркови, яблок и груш. В них не было сахара, а только настоящие овощи, фрукты, и чистая вода. Соки и нектары были упакованы в бумажные коробочки, которые не пропускали солнечный свет.

«Соки и нектары должны правильно готовиться и храниться, тогда они сохраняют свой вкус и будут полезны взрослым и детям!» — рассказала козочка медвежонку главный секрет полезного напитка.

Токаш с мамой-медведицей попробовали грушевый сок и пошли дальше смотреть праздничную ярмарку.



Қонжық алыста естілген балалардың қуанышты дауыстарына құлақ түрді. Жақындаған кезде, ол ойыншықтар сатылып жатқан сөренің алдындағы балаларды көрді. Сөреде машиналар, әріп-текшелер, домбыралар мен барабандар, доптар мен қуыршақтар тұрды.

«Менің ойыншықтарым балалар үшін қауіпсіз. Олар жақсы материалдардан жасалған және оларда мүлдем иіс жоқ», - деп сатушы Кірпі балалардың ата-аналарына айтып жатты.

Тоқашқа анасы кішкентай ойыншық жүк көлігін сатып әперді. Оның кабинасы тегіс, корпусы қалың пластиктен және дөңгелектері мықты резеңкеден жасалған. Әрбір бөлік ойыншыққа қатты бекітілген. Ойыншық көліктің шеттерінде өткір бұрыштар мен жиектер жоқ, сондықтан қонжық ойыншықпен қауіпсіз ойнай алды.



Медвежонок услышал вдалеке радостные детские голоса. Подойдя поближе, он увидел малышей, которые окружили прилавок с игрушками. Здесь были машинки, кубики с буквами, дроба и барабан, мячи и куклы.

«Мои игрушки безопасны для детей. Они сделаны из хороших материалов и совсем не пахнут», — рассказывал продавец-ежик родителям малышей.

Медведица купила Токашу маленький грузовичок. У него были гладкая кабина и кузов из толстой пластмассы, и прочные резиновые колеса. Каждая деталь крепко держалась на игрушке.

Края машины не имели острых углов и краев, поэтому медвежонок мог спокойно играть с машинкой.





ҚазСтандарт

Осы күні Тоқаш өмірде қолданылатын әрбір зат арнайы ережелер мен тәртіпке сай жасалуы керек екенін білді. Бұл стандарттау деп аталады.

Тоқаш жәрмеңкеде көп қызықты нәрселер көрді. Бірте-бірте кішкентай ауылға кеш түсе бастады, яғни қонжық пен оның анасына үйге қайтатын уақыт келді.

– Бүгінгі күн қандай керемет болды! - деп қуана айтты қонжық анасына.

– Бізді алда тағы да көптеген керемет шытырман оқиғалар күтіп тұр. Ең бастысы денің сау болсын, осындай ізденімпаз болып өсе бер, балам, - деп мейірлене жауап берді анасы.

Тоқаш пен анасы жаңа саяхаттар мен білім туралы армандап, үйге қарай аяңдады.

КазСтандарт

В этот день Токаш узнал, что каждый предмет, который используется в жизни, должен быть изготовлен по специальным правилам и порядку. Это называется стандартизация.

Токаш увидел еще множество интересных вещей на ярмарке. Постепенно на маленькую деревню спускался вечер, а это значит, что наступило время медвежонку и медведице возвращаться домой.

«Каким чудесным был этот день!» — сказал медвежонок радостно своей маме.

«Нас с тобой ждут еще множество прекрасных приключений. Главное расти здоровым и таким же любознательным», — с нежностью в голосе ответила мама-медведица.

Медвежонок Токаш и его мама отправились в обратный путь с мечтой о новых путешествиях и знаниях.



Ертегі мектеп жасына дейінгі оқырмандар мен олардың ата-аналарын сиқырлы өлшемдер еліне қызықты саяхат жасауға шақырады. Ертегінің басты кейіпкері – ізденімпаз әрі мейірімді Тоқаш қонжығы. Ол анасымен бірге әртүрлі заттарға арналған өлшеу құралдарымен және әдістерімен танысатын қызықты сапарға аттанды. Ертегіде баяндалған күнделікті өмірден алынған қарапайым және түсінікті мысалдар кішкентай оқырмандарға метрология, стандарттау және сертификаттау сияқты күрделі ұғымдар туралы білуге көмектеседі.

Сказка приглашает читателей дошкольного возраста и их родителей совершить увлекательное путешествие в волшебную страну измерений. Главный герой сказки – любознательный и добрый медвежонок Токаш. Вместе с мамой он отправляется в приключение, в котором знакомится с инструментами и способами измерения различных предметов. Простые и понятные примеры из повседневной жизни, изложенные в сказке, помогут маленьким читателям узнать о таких сложных понятиях как метрология, стандартизация и сертификация.



QR код арқылы мультфильмді тамашай аласыздар.

УДК 821.512.122-93
ББК 84 (БҚаз)
П90

ISBN 978-601-80896-5-7
Өлшемдер еліне саяхат/
Путешествие в страну изме-
рений. Астана: «Қазақстан
стандарттау және метроло-
гия институты», 2022. – 20 б.

Алты жасқа толмаған
балаларға арналған.

Для детей, не
достигших шести лет.

ISBN 978-601-80896-5-7



Қымбатты бүлдіршін!

Ертегіні тыңдай отырып, сен стандарттау және метрология деген не екенін білдің. Егер сені бұдан әрі қызықтырып, білім алғың келсе, осындай еліміз үшін маңызды салада жұмыс істейтін маман иесі бола аласың. Сонымен қатар осы кітаптағы өзің танысқан аспаптардан басқа бізді қоршаған ортада тағы да көптеген өлшеу құралдары бар. Саған зор денсаулық тілеймін, биік шыңдарды бағындырып, өмірдегі өзің таңдаған үлкен жолда қалаған мамандық иесі бол!

Құрметпен, Ғабит Мұхамбетов

Дорогой малыш!

Слушая сказку, ты узнал, что такое стандарты и измерения. Если тебе стало интересно, ты можешь стать специалистом в такой важной для нашей страны сфере. Также в окружающем нас мире существует множество других измерительных приборов кроме тех, с которыми ты познакомился в этой книге. Желаю тебе крепкого здоровья, покорить высокие вершины и стать профессионалом в выбранном тобой направлении!

С уважением, Ғабит Мухамбетов

«Big Dream» ЖШС, 2022

РМК «ҚазСтандарт»
тапсырысы бойынша.

ТОО «Big Dream», 2022

По Заказу:
РГП «ҚазСтандарт».